

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

ОРТОПЕДИЯЛЫҚ СТОМАТОЛОГИЯ

Тіс протездерінің ауыз қуысы тіндеріне әсері. Гальванизмнің пайда болуына қазіргі заманғы көзқарас



Орындаған: Қайыпжанова А. А.
Факультет : стоматология
Тобы: 603
Курс: 6
Тексерген: Шаймарданов С М

Жоспары:

- Тіс протездерін көтере алмау себептері
- Диагностика және этиологиясы
- Тіс протездері материалдарына аллергияны емдеу
- Гальваникалық синдром (гальванизм)
- Гальваникалық синдромды емдеу (гальванизм)

Тіс протездерін көтере алмау себептері

Протездік стоматопатиялар стоматологиялық тәжірибеде жиі кездесетін ауыз қуысының ауруларына жатады. Ауру себебін анықтау қиын болып табылады, сол себепті терапевтикалық шаралар ғылыми дәлелденген мағлұматтардан емес, болжамды диагнозға қарай қояды. Тіс протездері материалдарына аллергиялық реакциялар гипотетикалық жағдайда қаралады; олардың болуы локальді және психогенді факторлармен түсіндіріледі. Мұндай науқастарды алдын ала дерматологқа немесе аллергологқа жіберу дәрігер-стоматологтан бірнеше проблемаларды шешеді, бірақ науқасқа көмегі тимейді. Қазіргі заманғы стоматологиялық тәжірибеде диагностикалық және терапевтикалық шаралардың спектрі біршама ұлғайған. Протездік стоматопатияның себебі нақты анықталып, емделеді.



Диагностика және этиология

Протездік стоматолпаиялар ауыз қуысының шырышты қабатының өзгерістері жеке бөліктерінде немесе жайылу аймағы үлкен болуы мүмкін.

Олардың көріністері:

- Эритемалар
- Шырышты қабат аймағында **күйдіру**(тіл, ұрт, ерін)
- Ауру сезімі (беткей локальді немесе иррадиациямен терең **тұпая**)
- Дәм сезу бұзылысы (металл немесе пластмасса дәмі)

Айтылып өтілген симптомдар субъективті және объективті болып бөлінеді

Субъективті сезімді сурау кезінде анықтауға болады. Объективті симптомды анықтау қиынырақ, әсіресе ауыз қуысының шырышты қабатынан реакция болмауынан. Эритема типіндегі объективті симптом тез көрінеді, және протездік көтере алмаушылыққа күдік тез дамиды. Болжамды диагнозды нақтылау үшін дәрігер стоматологтың күзіретінде бірнеше диагностикалық және терапевтикалық әдістер бар.

Аурудың 5 негізгі этиологиялық факторлары бар:

- Құрылымдық материалдардың токсикалық қасиетін және оған аллергиясы;
- Механикалық тітіркендіру (протездің өткір қырлары, қысым);
- Микробты тітіркендіру (бактерия, саңырауқұлақтар);
- Иммунитеттің бұзылысы (науқас жасы, психикалық стресс, Diabetes mellitus тип I, ВИЧ-инфекция);
- Психогенді факторлар.

Протездік көтере алмаушылық тіс протездік материалдарға байланысты. Соңғы зерттеу мағлұматтары бойынша, эритема пластмассалы протез астында да, жартылай тіс протездерінің металды қаңқасында да болады. Пластмассалы негізі бар тіс протезі болғанда эритема шекараза диффузды. Себебі-механикалық тітіркендіргіштер, жиі микробты факторлармен бірге . Гиперемия шекарасы алынбалы протез негізіне сай келеді. Тіс протездерінің екі типіде шынайы аллергиялық реакцияны өте аз шақырады, тек құрамында никель ионы бар материалдан жасалған протездерден басқа. Көбінесе заманауи әдістермен диагностикалауға болатын жергілікті токсикалық аурулар туралы айтылады.

Протез материалдарының анализі және оның тіндерде болу талдауы арнайы рентгеномикрoаналитикалық әдіспен (материалдың жеке бөліктеріне тест) анықталады⁷ Сонымен қатар рентгенографиялық зерттеу қанағаттанарсыз жасалған (поры, гомогенді емес құрылым) протез және материалдың негативті өзгерістерін анықтауға мүмкіндік береді.

Растрэлектронномикроскопиялық талдау тіс протезіне (коррозия) ауыз қуысы ортасының әсерін анықтауға мүмкіндік береді. Егер локальді токсикалық реакция болмаса, нақтылықты дерматологтағы арнайы аллергиялық тест береді.



Микробты генездік ауруға күдік туса ауыз қуысының шырышты қабатынан мазок алынады. Егер нәтиже оң болса, бактериялы аурудың себебі *Staphylococcus aureus* (Алтын стафилококк) — шартәрізді грамм оң бактерия рода стафилококк. Тұрғындардың 20 % осы бактерияның тасымалдаушысы болып табылады. Ол жоғарғы тыныс жолдарының шырышты қабатында және тері жабындысында сақталуы мүмкін. Саңырауқұлақты инфекция кезінде көбінесе кандидоз немесе эритематозды-атрофиялық микоз туралы айтылады.

Иммунитеттің бұзылысына күдік туғанда терапевт-дәрігердің ақыл кеңесі қажет. Иммунды жеткіліксіздік шырышты қабықтың төменгі реактивті қабілетін көрсетеді.

Науқасты дәрігер-психиатрға немесе психологқа жіберу туралы шешім- жоғарғы айтылып өтілген диагностикалық әдістер жасалғаннан кейін шешілу керек.



Стоматологиялық материалдар адам организміне тікелей немесе жанама әсер етеді. (через "посредников"). Тірі тіндер, Тін құрылымын сақтайтын және оның функциясын қамтамасыз ететін, балансталған биохимикалық үрдістермен динамикалық тепе-теңдікте болады. **Инородный материал** Бөтен материал бұл тепе-теңдіктк бұзады, адамның тірі тіндерінде әртүрлі реакцияларды шақырады. Бұл материалдар токсикалық, аллергенді, канцерогенді, мутагенді, тератогенді (повреждающими) болуы мүмкін.



Высыпания на коже лица



Проявление аллергии на слизистой полости рта

Тіс протезі материалдарына аллергияның емделуі

Аллергияға күдік туғанда клиникалық зерттеу және аппликационды терілік тесттер жасайды.

Емі протездерді қолданбау және басқа материалдар көмегімен протездеу жүргізу. Аллергиялық реакция кезінде арнайы аллергияға қарсы терапия жүргізіледі.

- Ауыз қуысында металдық қосылыстар болғанда адам организміне 3 түрлі патологиялық әсер ету болады: химико-токсикалық, электрогальваникалық және аллергиялық. Берілген симптомды комплекс бағалы емес және бағалы мен қосылған металдармен ,сонымен қатар бағалы металлды протездермен қолданатын адамдарда табылған. Химико-токсикалық стоматит –себебі-мономер және оның көп болуы, электрогальваникалық металдық қосылыстар және ауыз қуысында электротоктардың пайда болуымен негізделген; аллергиялық стоматит- себебі аллергиялар. Ол антиген ролінде шығатын металл, пластмасса болуы мүмкін. Жарақаттық – стоматит ауыз қуысының механикалық жарақатымен негізделген.

Гальваникалық синдром (гальванизм)

Гальваникалық синдром – ауыз қуысында гальваникалық токтың пайда болуы.

Гальванизм себебі ауыз қуысында әртүрлі металлдардың болуы. Тіс протездерін дайындау үшін әртүрлі металлдар және қорытпалар, қолданады: кобальтхромды, күміс-палладийлі қорытпа, тотбаспайтын болат, алтын негіздегі, платиналы қорытпа. Құрамына кіретін металлдар: хром, никель, темір, титан, марганец, молибден, кремний, кобальт, палладий, цинк, күміс, алтын.

Электрохимиядан бізге белгілі, яғни электролит ерітіндісіне кіргізілген әрбір металл, өзіне ғана тән белгілі бір потенциал **алады**. Егер ауыз қуысында әртүрлі потенциалдармен металл қорытпалары болса, онда гальваникалық ток қалыптасады. Электролит ролін сілекей атқарады.

Гальванизм келесі симптомдармен көрінеді: ауызда металл дәмі, қышқыл дәмі, дәм бұзылысы, тілді күйдіру. Тітіркендіру, бас ауру, жалпы әлсіздік, ауыз құрғауы пайда болады.



Гальваникалық синдром (гальванизм) емі

Ауыз қуысында Гальванизмді болдырмау үшін біртекті металдан тіс протездерін жасау керек. Ауыз қуысында әртүрлі металдардан жасалған протез болса оны ауыстыру керек.

Қолданылған әдебиеттер

- 1. <http://www.mosmedicina.ru/stom/4/>
- 2. <http://www.stomport.ru/diagnosis/show/id/128>
- 3. http://www.stomatolog.com.ua/article_72.php
- 4. <http://www.stomport.ru/diagnosis/show/id/90>